

Бекітілді:  
Қуаныш

**Циклограмма**  
**«Ақбота» кіші тобы**

**I апта ақпан (24-28 қаңтар 2022ж)**

**Өтпелі тақырып: «Мен және қоршаған орта»**

**Мақсаты:** Адам мен табиғаттың байланысы, табиғаттың адам өміріндегі маңызы туралы білімдерін

тереңдете түсу. Қоршаған орта жайлы түсіндіру

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу	<b>Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: балабақша туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.</b>				
Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б)	<b>(Тұтас бала бейнесі)</b>				
	Ертеңгілік қабылдау, балалардың тазалығы.  Балалармен Отан, туған ел туралы сурет бойынша әңгімелесу. (Бала үні)	Жыл мезгіліне сай балаларды киіндіру керектігін мұқияттау. «Қолды не үшін жуу керек?» сұрақ жауап арқылы әңгімелесу. (4К коммуникативтік)	Үстел үсті ойыны: «Суретті құрастыр» (еркін ойын)  Кітаптар қарау.	Дамытушы ойын: «Қыстап қалатын және жыл құстары» Мақсаты: құстарды ажыратады, сипаттайды, суреттерді топтастырады. (құрылымдалған ойын)	Балалармен қыс мезгілі туралы әңгімелесу. 4К (сыни ойлау)  Үстел үсті ойыны: «Көлеңкесінен таны» (еркін ойын)
Таңертеңгі гимнастика	Таңертеңгілік жаттығу комплексі №21	Таңертеңгілік жаттығу комплексі №21	Таңертеңгілік жаттығу комплексі №21	Таңертеңгілік жаттығу комплексін №21	Таңертеңгілік жаттығу комплексін №21
Таңғы ас	Таңғы аста тамақтарын тауысып жеп, майлықтарды қолдануға үйрету, бата беру.				
Ойындар, ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық	Балалармен ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыруда ойындар және баяу қимылды ойын жаттығулар.				
	Қимылды ойын: «Аяз» Мақсаты: жүру, жүгіру қимылдарын орындайды. Белгі бойынша қозғалыстар жасайды. (Құрылымдалған ойын)	«Айнала аппақ қар» Қыс мезгілі, ерекшеліктері туралы суреттер қарау. 4К (сыни ойлау, коммуникатив-тілік)	Қимылды ойын: «Кім шапшаң?» Мақсаты: суреттерге сәйкес екі топқа бөлінеді, белгі бойынша өз орындарын табады. (құрылымдалған ойын)	Қыс мезгілі жайлы әңгімелесу, жұмбақтар жасыру (4К сыни ойлау, коммуникативтілік)	Дидактикалық ойын: «Не артық?» Мақсаты: қысқы киім түрлерін атайды және әр мезгілді киім түрлерінен ажыратады. (құрылымдалған ойын)

<p>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі</p>	<p><b>1. Сурет салу</b> Тақырыбы: Ақ ұлпа қарлар <b>Мақсаты:</b> Бояуды парақ бетіне сүйкей жағу тәсілі арқылы жіңішке сызықтар түсіре отырып, жауып тұрған ұлпа қардың бейнесін салуды біледі.</p> <p><b>Әдіс-тәсіл:</b> 1. жұмбақ жасыру 4К сыни ойлау, 2. әңгімелесу 3. балаларға сурет бойынша әңгімелеп түсіндіру 4. Дидактикалық ойын: «Жақсы, жаман» 5. Дидактикалық ойын: «Ненің ізі?» 4К коммуникативтілікті дамыту; Еркін ойын Бақылау. Бағалау. «Екі жұлдыз, бір тілек»</p> <p><b>2. Музыка</b></p>	<p><b>1. Мүсіндеу</b> Тақырыбы: Ұшақ <b>Мақсаты:</b> Екі бөлік ермексаз кесектерін алақан арасында дөңгелектеп салып, екінші бөлігін төртбұрыш, үшбұрышқа бөле біледі. <b>Әдіс-тәсіл:</b> 1. сурет бойынша жабайы аңдар туралы түсінік беру 2. сұрақ-жауап 4К коммуникативтілік 3. жұмбақ жасыру 4К сыни ойлау 4. үлгі бойынша ұшақтың бейнесін мүсіндеуді үйрету 5. Сергіту сәті 6. Дидактикалық ойын: «Нег ұқсайды?» Құрылымдалған ойын; Бақылау. Смайликтер.</p> <p><b>2. Дене шынықтыру</b></p>	<p><b>1. Жаратылыстану</b> Тақырыбы: Сумен тәжірибе жүргізу <b>Мақсаты:</b> Судың мөлдір екенін, бірақ оның кез-келген түске бояуға немесе ластауға болатынын ажырата біледі <b>Әдіс-тәсілі:</b> 1. жұмбақ жасыру 4К сыни ойлау 2. сұрақ-жауап 3. ведио-роликпен жұмыс 4. Дамытушы ойын: «Қай мезгіл?» 4К сыни ойлау Тәрбиешінің жетекшілігімен жүргізілетін ойын; 6. «Көлеңкесінен таны» Құрылымдалған ойын Бақылау. Бағалау «Үш шапалақ»</p> <p><b>2. Музыка</b></p>	<p><b>1. Сөйлеуді дамыту</b> Тақырыбы: Ғажайып қыс <b>Мақсаты:</b> Өлі табиғат құбылысы қармен танысып, қардың жұмсақ, түсі ақ, мұздай, ериді деген негізгі қасиеттерін айта алады. <b>Әдіс-тәсіл:</b> 1. сұрақ-жауап 4К коммуникативтілікті дамыту 2. сурет бойынша қыс мегілінің ерекшеліктерін әңгімелеп түсіндіру 3. Сергіту сәті 4. Дамытушы ойын: «Қай мезгілдегі ағаш?» 4К сыни ойлау Тәрбиешінің жетекшілігімен жүргізілетін ойын; Бақылау; Бағалау</p> <p><b>2. Дене шынықтыру</b></p>	<p><b>1. Дене шынықтыру (таза ауада)</b></p> <p><b>2. Сенсорика</b> Тақырыбы: Ғажайып күн шуағы <b>Мақсаты:</b> Дайын үлгідегі дөңгелек пішіннің ішіне, көлеміне, түсіне сәйкес келетін пішіндерді орналастыра алады. Түрлі көлемдегі пішіндерді негізгі қасиеттері бойынша топтастырады.</p> <p><b>Әдіс-тәсіл:</b> 1. сұрақ-жауап 4К коммуникативтілікті дамыту 2. суреттер бойынша әңгімелеп беру. сыни ойлау 3. сергіту сәті 4. Дидактикалық ойын: «Кім тапқыр?» 5. Қимылды ойын: «Піл, пальма, маймыл» көлемдерін ажырату Құрылымдалған ойын 6. От шашу әдісі бойынша бағалау</p>
<p>Серуенге дайындық</p>	<p>Серуенге шығу кезінде балалардың рет-ретімен киінуін қадағалап, қатармен жүруге дағдыландыру.</p>				
<p>Серуен (Бақылау)</p>	<p><b>Серуенде ауа -райын бақылау.</b> <b>Мақсаты:</b></p>	<p><b>Серуенде қардың жауғанын бақылау</b> <b>Мақсаты:</b> Қардың қалай</p>	<p><b>Серуенде құстарды бақылау.</b> <b>Мақсаты:</b></p>	<p><b>Серуенде жол көліктерін бақылау.</b> <b>Мақсаты:</b></p>	<p><b>Серуенде ересектер еңбегін бақылау.</b> <b>Мақсаты:</b></p>

	<p>Қыс мезгілінің ерекшеліктерін ажыратып, айыра білуге үйрету.</p> <p><b>Еңбек:</b> Жүре жолды қардан тазарту.</p> <p><b>Мақсаты:</b> Еңбексүйгіштікке баулу</p> <p><b>Қимылдық ойын:</b> Аққала.</p> <p><b>Мақсаты:</b> Шапшаңдыққа әсемдікке баулу.</p>	<p>жауғанын пішінін,көлемін анықтап айта білуге үйрету.</p> <p><b>Еңбек:</b> Ағаш түбін қармен жабу</p> <p><b>Мақсаты:</b> Еңбек құралдарын қолдана білуге баулу.</p> <p><b>Қимылдық ойын:</b> Шанамен жарыс</p> <p><b>Мақсаты:</b> Ептілікке,жылдамдыққа баулу.</p>	<p>Құстардың қысқы тіршіліктері туралы әңгімелеу.</p> <p><b>Еңбек:</b> Аула тазартушыға қар тазалауға көмектесу</p> <p><b>Мақсаты:</b> Қамқор бола білуге тәрбиелеу.</p> <p><b>Қимылдық ойын:</b> «Екі аяз»</p> <p><b>Мақсаты:</b> Балалардың қимыл қозғалыстарын ойын арқылы дамыту. Балалардың өз бетінше ойыны.</p>	<p>Көліктер туралы білімдерін кеңейту.</p> <p><b>Еңбек:</b> Қардан жүрер жолды тазарту.</p> <p><b>Мақсаты:</b> Еңбек қорлыққа тәрбиелеу.</p> <p><b>Қимылдық ойын:</b> «Шаналар»</p> <p><b>Мақсаты:</b> Балалардың қимыл қозғалысын арттыру. Балалардың өз бетінше ойындары.</p>	<p>Ересектер еңбегін сыйлауға, еңбек сүйгіштікке баулу.</p> <p><b>Еңбек:</b> Аула тазалаушыларға көмектесу.</p> <p><b>Мақсаты:</b> Үлкендер еңбегін бағалау,көмектесуге баулу.</p> <p><b>Қимылдық ойын:</b> «Ақ серек, көк серек» Балалардың өз беттерінше ойындары.</p> <p>Серуеннен қайту.</p>
Серуеннен оралу	Балаларды серуеннен оралғанна кейін рет-ретімен киімдерін шешіп,шкафтарына жинауға дағдыландыру. Гигиеналық шараларды орындау.				
Түскі ас	Түскі аста тамақтарын тауысып жеп,майлықтарды қолдануға үйрету,бата беру.				
Ұйқы	Балаларға баяу әуенмен,жайлы ұйықтауға жағдай жасау,ұйқыларын бақылау.				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынықтыру шаралары	<p><b>Жәй ырғақты әуенмен балаларды ояту.</b> Ұйқымызды ашайық әуенмен тұру</p> <p><b>Сергіту гимнастикасы</b> Дәстүрден тыс жаттығулар жалпы денеге арналған жаттығулар</p> <p><b>Мақсаты:</b> Балалардың денсаулығын нығайту</p>	<p><b>Жәй ырғақты әуенмен балаларды ояту</b> <b>Жәй әуенмен ұйқыдан тұру.</b> Төсек үсті жаттығулар «Велосипед»</p> <p><b>Шынықтыру шарасы:</b> Қолдан шынтаққа дейін сабынды сумен жуу. Саусақ жаттығулары.</p>	<p><b>Жәй ырғақты әуенмен балаларды ояту.</b> Сергіту гимнастикасын жасау.</p> <p><b>Шынықтыру шарасы:</b> Сулы шүберекпен жалаң аяқ жүріп өту. Аяқты жәй басамын, Адымдап алға мен. Шынығамын жастай мен, Жылдамырақ қадам бас</p>	<p><b>Жәй ырғақты әуенмен балаларды ояту.</b> Аштыңба сен көзіңді Сілкінде сергіт өзіңді Шымырлат дене шынықтыр, Бір мезет тізе бүгіп тұр. «Құмырсқа»</p> <p><b>Шынықтыру шарасы:</b> беттерін,қолын сабынды сумен жуу.</p>	<p><b>Жәй ырғақты әуенмен балаларды ояту.</b> Ұйқымыздан жәй әуенмен ояну Ауыздарын бөлме температурасындағы сумен шаю. Көзге арналған жаттығу түрлерін жасау. - көзді ашып жұму; - көзді оңға -солға айналдыру; - бір нүктеге бір минуттай үзбей қарау.</p>

Бесін ас	Бесін асты тауысып жеп болған соң тұруға дағдыландыру. Ас қайтару.				
Ойындар, дербес әрекет  Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс	<b>Дидактикалық ойын:</b> «Кім көбірек біледі?» <b>Мақсаты:</b> Балалардың ойлау қабілетін дамыту, заттың түрлерін анықтауға, оларға түрлі көзқараста қарауға үйрету.	<b>Тәуелсіз Қазақстан(жаттау)</b> Тәуелсіз еркін елде біз Дүниеге келгенбіз. Көк ту мен елтаңбамыз, Бар біздің өз теңгеміз. Орындаймыз бәріміз, Біздің ата-анамыз. Жиында тұрып айтатын Бар біздің әнұранымыз.	<b>Шығармашылық ойын:</b> «Суретті домино» <b>Мақсаты:</b> Балалардың танымдық, шығармашылық кабілеттерін дамыту, достыққа, татулыққа тәрбиелеу.	<b>Ұлттық ойындар:</b> «Хан талапай», «Асық ату» <b>Мақсаты:</b> ұлттық ойындарға деген қызығушылықтарын оятып, татаулыққа баулу.	<b>Сюжеттік -рөлдік ойын.</b> «Кітапхана» ойыны <b>Мақсаты:</b> Оқырман қауым, кітапханашы туралы түсініктерін кеңейту.
	Заттарды салыстыруға ойын Сардармен	Альтаирмен кеңістікті бағдарлай білуге ойын ойнату.	Изенге жоғары, төмен ұғымдарын айыра білуді үйрету.	Томириске екі бірдей суреттің айырмашылығын табуға ойын ойнату.	
Серуенге дайындық	Серуенге ұқыпты киініп шығу.				
Серуен	Күннің I жартысындағы бақылау жұмыстарын бекіту.				
Кешкі ас	Кешкі асқа дайындық				
Балалардың үйге қайтуы. (Тұтас бала бейнесі)	«Мүз ханшайымы» ертегісін қайталау Балалардың жеке қызығушылықтары туралы ата-анамен ой бөлісу.				

**Циклограмма**  
**«Ақбота» кіші тобы**  
**2 апта (31-4 ақпан 2022ж)**

**Өтпелі тақырып: «Мен және қоршаған орта»**

**Мақсаты:** Адам мен табиғаттың байланысы, табиғаттың адам өміріндегі маңызы туралы білімдерін тереңдете түсу. Қоршаған орта жайлы түсіндіру.

Күн тәргібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу	<b>Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: балабақша туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.</b> (Тұтас бала бейнесі)				
Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б)	<b>Дамытушы ойын:</b> « Моншақ тізейік » <b>Мақсаты:</b> Заттың түсін, көлемін, пішінін анықтай біледі. (Құрылымдалған ойын)	<b>Дидактикалық ойын:</b> «Ауа,су,жер» <b>Мақсаты:</b> Ептілікке,зейінділікке баулу.	<b>Дамытушы ойын:</b> « Бұл не? ». <b>Мақсаты:</b> Қоршаған ортадағы заттар туралы біледі,ажыратып атайды. (Еркін ойын)	<b>Дидактикалық ойын:</b> «Ұшты, ұшты» <b>Мақсаты:</b> Балалар танымдық қабілеттерін көрсетеді. (Еркін ойын)	<b>Қимылды ойын:</b> «Досыңды тап» <b>Мақсаты:</b> балалар сипап сезу арқылы достарын табады. (Құрылымдалған ойын)
Таңертеңгі гимнастика	Таңертеңгілік жаттығу комплексі №22орындау	Таңертеңгілік жаттығу комплексі №22орындау	Таңертеңгілік жаттығу комплексі №22орындау	Таңертеңгілік жаттығу комплексі №22орындау	Таңертеңгілік жаттығу комплексі №22орындау
Таңғы ас	Таңғы аста тамақтарын тауысып жеп,майлықтарды қолдануға үйрету,бата беру.				
Ойындар, ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық	Балалармен ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыруда ойындар және баяу қимылды ойын жаттығулар.				
	<b>Дидактикалық ойын:</b> «Затты сипаттай отырып тап» <b>Мақсаты:</b> Затты өзіне тән басты ерекшелігіне қарап табуға тәрбиелеу. (Құрылымдалған ойын)	<b>Шығармашылық ойын:</b> «Ертегіні ата» <b>Мақсаты:</b> Балаларды ертегіні айырып, атай білуге үйрету.	<b>Дидактикалық ойындар:</b> «Ненің даусы?» <b>Мақсаты:</b> Балалардың есту қабілетін дамыту,назар аударуға, өз қатарластарымен достық қатынасқа тәрбиелеу. (Еркін ойын)	<b>Саусақтармен ойын:</b> «Санамақтар» <b>Мақсаты:</b> Сөз тыңдауға, санамақтың мазмұнын түсінуге үйрету, саусақ қимылымен сөздерді байланыстыру. (Тәрбиешінің жетекшілігімен жүргізілетін ойын)	<b>Дидактикалық ойын:</b> «Дәл осындайды тап» <b>Мақсаты:</b> Заттарды салыстыруға үйрету,олардың ұқсас және өзгешелік белгілерін табу. (Құрылымдалған ойын)

<p>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі</p>	<p><b>1. Сурет салу</b> Тақырыбы: Машинаның дөңгелектері <b>Мақсаты:</b> Дәстүрден тыс тәсілді (тығын) қолдана отырып машина дөңгелегінің суретін салуды біледі. Түстерді дұрыс ажыратып айтады.</p> <p><b>Әдіс-тәсіл:</b> 1. жұмбақ жасыру 4К сыни ойлау 2. көліктер, жол тәртібі туралы сурет бойынша әңгімелесу 4К коммуникативтілікті дамыту 3. Дидактикалық ойын: «Не артық?» 4. үлгі бойынша пингвин құрастыру 5. сергіту сәті 6. Қимылды ойын: «Пингвиндер» Құрылымдалған ойын «Машиналар» 6. Бақылау. 7. Үш шапалақ әдісі бойынша бағалау.</p> <p><b>2. Музыка</b></p>	<p><b>1. Жапсыру</b> Тақырыбы: Жайлаудағы қошақандар <b>Мақсаты:</b> Үй жануарларымен танысып, қойлардың суретін жайлауға орналастыра алады. <b>Әдіс-тәсіл:</b> 1. жұмбақ жасыру 4К сыни ойлау 2. сұрақ-жауап 4К коммуникативтілікті дамыту 3. ертегіні оқып, мазмұнын әңгімелеп беру 4. Дидактикалық ойын «Қысқы ойындарды ата» 5. .сергіту сәті .ұлттық ойын: «Орамал кетті» 4К моделі креативтілік жұптасып жұмыс істеу, 6. Дамытушы ойын: «Не жасырынғанын тап?» 4К сыни ойлау Бақылау. Бағалау «От шашу»</p> <p><b>2. Дене шынықтыру</b></p>	<p><b>1. Жаратылыстану</b> Тақырыбы: Көліктер <b>Мақсаты</b> Автобус, трамвай, жедел жәрдем, өрт сөндіруші, ұшақ, зымыран, кеме, т.б көліктерді ажыратады. Балалар көліктер туралы біледі</p> <p><b>Әдіс-тәсіл:</b> 1. жұмбақ жасыру 4К сыни ойлау 2. сұрақ-жауап 4К коммуникативтілікті дамыту 3. ертегіні оқып, мазмұнын әңгімелеп беру 4. Дидактикалық ойын «Қысқы ойындарды ата» 5. Құрылымдалған ойын «Көліктер»</p> <p>Бағалау «Бағдаршам»</p>	<p><b>1. Көркем әдебиет</b> Тақырыбы: Поезд (өлеңі) <b>Мақсаты:</b> Өлеңді мұқият тыңдай алады, мазмұнын түсіне біледі, балалардың поезд дыбысына еліктеп у-дыбысын созып, қимыл әрекеттерін жасап, айта алады.</p> <p><b>Әдіс-тәсіл:</b> 1. сұрақ-жауап 4К коммуникативтілікті дамыту 2. сурет бойынша көлік түрлерін әңгімелеп түсіндіру 3. Сергіту сәті 4. Дамытушы ойын: «Ненің ізі?» 4К сыни ойлау Тәрбиешінің жетекшілігімен жүргізілетін ойын; Бақылау; Бағалау</p> <p><b>2. Дене шынықтыру</b></p>	<p><b>1. Дене шынықтыру (таза ауада)</b></p> <p><b>2. Құрастыру</b> Тақырыбы: «Шырша ойыншықтары» <b>Мақсаты:</b> Қағазбен жұмыс жасауда умаждау әдісін жетілдіре біледі, қағаздарды умаждау арқылы домалақ пішінге келтіре алады .</p> <p><b>Әдіс-тәсіл:</b> 1. сурет бойынша қыс мезгілінің ерекшеліктері туралы түсінік беру 2. сұрақ-жауап 4К коммуникативтілік 3. жұмбақ жасыру 4К сыни ойлау 4. үлгі бойынша адам бейнесін мүсіндеуді үйрету 5. Сергіту сәті 6. Дидактикалық ойын: «Аққала» Құрылымдалған ойын; Бақылау. Смайликтер.</p>
--	--	---	--	--	--

Серуенге дайындық	Серуенге шығу кезінде балалардың рет-ретімен киінуін қадағалап, қатармен жүруге дағдыландыру.				
Серуен (Бақылау)	<p><b>Серуенге шығу.</b> <b>Көркем сөз:</b> «Қыс» Аппақ, аппақ, дала Аппақ ауыл қала Жапалақтап ақша қар Жауа, берсін жауа</p> <p><b>Серуенде ауа- райын бақылау</b> <b>Мақсаты:</b> Жекеленген құбылыстарды айтып ажырата білуге үйрету. <b>Еңбек:</b> Қармен ағаш түбін көму. <b>Мақсаты:</b> Еңбекқорлыққа баулу <b>Қимылдық ойын:</b> «Екі аяз» <b>Мақсаты:</b> Ептілікке баулу. Балалардың өз бетінше ойыны. Серуеннен оралу.</p>	<p><b>Қырауды бақылау.</b> <b>Мақсаты:</b> балаларға қыраудың қалай болатынын айтып кету. Қырау түскен ағаштарды бақылау. Темір затқа үрлеп көрейік. Оған қырау түсті, біздің буымыз суықтан қырауға айналды. Сонымен қырау бұл кәдімгі бу, ол әйнек шынысына, ағаш бұтақтарында, бұтақтарында, басқа заттарда қатып, қырауға айналған. Қырау әдетте күннің ашығында пайда болады. <b>Қимылды ойын:</b> «Суыққойлар» <b>Мақсаты:</b> қимылды жаттығуларды жасауды үйрету, тапқырлық таныта білу. <b>Еңбек:</b> Ойын алаңындағы қарды жинау <b>Мақсаты:</b> бір біріне кедергі жасамай, жұмыс істеуге үйрету.</p>	<p><b>Серуен шығу.</b> <b>Бақылау:</b> Қоршаған ортаны <b>Мақсаты:</b> Балалардың қоршаған орта, ауа, жер, үйлер туралы түсініктерін кеңейту. <b>Еңбек :</b> Аула сыпырушыға көмектесу. <b>Мақсаты:</b> еңбек етуге баулу. <b>Қимылды ойын:</b> «Кім жылдам?». <b>Мақсаты:</b> қимылды-қозғалыстарын арттырып, дене бұлшық еттерін дамыту.</p>	<p><b>Серуенде құстарға бақылау жасау.</b> <b>Мақсаты:</b> Қыстап қалған құстардың қысқы тіршіліктері туралы түсініктерін кеңейту. <b>Еңбек:</b> Жолды қардан тазалау <b>Мақсаты:</b> Еңбексүйгіштікке баулу <b>Қимылдық ойын:</b> «Аққала» <b>Мақсаты:</b> Қимыл - қозғалыстарын дамыту.  Балалардың өз бетінше ойындары. Серуеннен оралу.</p>	<p><b>Серуенде көшедегі көлік қозғалысын бақылау .</b> <b>Мақсаты:</b>Көлік түрлерімен таныстырып , олардың пайдасы мен зияны туралы түсініктерін кеңейту . <b>Еңбек :</b> Ойын алаңын қардан тазарту . <b>Мақсаты:</b> Еңбек құралдарын пайдалана білуге үйрету . Балалардың өзіндік әрекеттері . <b>Қимылды ойын:</b> Қар лақтыру <b>Мақсаты:</b> қимыл қозғалыстарын арттырып, достыққа тәрбиелеу. Серуеннен оралу.</p>

Серуеннен оралу	Балаларды серуеннен оралғанна кейін рет-ретімен киімдерін шешіп,шкафтарына жинауға дағдыландыру. Гигиеналық шараларды орындау.				
Түскі ас	Түскі аста тамақтарын тауысып жеп,майлықтарды қолдануға үйрету,бата беру.				
Ұйқы	Балаларға баяу әуенмен,жайлы ұйықтауға жағдай жасау.				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынықтыру шаралары	<p><b>Жәй ырғақты әуенмен балаларды ояту.</b> Күндіз де, түнде де аю ұйықтайды. Міне маймақ оянды. Керілді оңға, солға. Ұйқысынан оянды. Аю шықты далаға. <b>Шынықтыру шарасы:</b> Көзге арналған массаж түрлерін жасау. <b>Мақсаты:</b> көздің шаршағанын басу, қан айналымын жақсарту.</p>	<p><b>Жәй ырғақты әуенмен балаларды ояту.</b> Киімдерін оң кейіп жаттығу жасау арқылы ұйқыларын ашады.  «Көтер қолды» жоғары, Құстар қанат қағады Жел аяқтар жүгірер. Жерге тимей табаны Оңға сол бүгілген Қане, жылдам жүгірген, Шымырлықтың мәнісі Шынығуда ұнаған»</p>	<p><b>Жәй ырғақты әуенмен балаларды ояту.</b> Ұйқыдан тұру. Сергекпін және күштімін, Көңіл -күйім көтеріңкі. Өз -өзімді жақсы сезінемін. <b>Шынықтыру шарасы:</b> Қолды шынтаққа дейін сабынды сумен жуу.</p>	<p><b>Жәй ырғақты әуенмен балаларды ояту.</b> Жәй әуенмен ұйқыдан тұру. Сергіту гимнастикасы. <b>Шынықтыру шарасы:</b> Сабынды сумен беті қолын жуу. Ауыз қуысын шаю. Аяқты жәй басамын, Адымдап алға мен, Шынығамын жастай мен, 1,2,3 Жылдамырақ қадам бас.</p>	<p><b>Жәй ырғақты әуенмен балаларды ояту.</b>  Аштыңба сен көзіңді Сілкінде сергіт өзінді Шымырлат дене шынықтыр, Бір мезет тізе бүгіп тұр. «Құмырсқа» <b>Шынықтыру шарасы:</b> беттерін,қолын сумен жуу.</p>
Бесін ас	Бесін асты тауысып жеп болған соң тұруға дағдыландыру.Ас қайтару.				
Ойындар, дербес әрекет	<p><b>Дидактикалық ойын:</b> «Заттарды кім көп атайды?» <b>Мақсаты:</b>Балаларға заттарды өндіріс орнына қарай топтастыруды үйрету.</p>	<p><b>Туған жерім(жаттау)</b> Туған жерім, кең далам Сенен қуат нәр алам. Мақтан етем белдерінді, Мөлдіреген көлдерінді. Еркелеймін құшағында, Гүл теремін бақтарыңда. Көркейе бер, туған елім, Гүлдене бер әрқашан.</p>	<p><b>Үстел-үсті ойыны:</b> «Кім тез құрастырады?» <b>Мақсаты:</b>Балаларды пирамиданы дұрыс құрастыруға үйрету.</p>	<p><b>Дидактикалық ойын:</b> «Сиқырлы қапшық» <b>Мақсаты:</b>Балалардың ұлттық заттарды ерекше белгілеріне сәйкес танып білуге үйрету.</p>	<p><b>Дидактикалық ойын:</b> «Не өзгерді?» <b>Мақсаты:</b>Балаларды заттарды және олардың әрекеттерін дұрыс атауға үйрету.</p>



Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс	Заттарды ортақ атауларына қарай топтастыр Мадиярмен.	Суретке қарап таныс заттарды атауды үйрету Альтаир.	Темірланға ойын ережесін сақтап ойнауды үйрету.	Исламға мнемотехника кестесі бойынша тақпақ жаттату.	
Серуенге дайындық	Серуенге ұқыпты киініп шығу.				
Серуен	Күннің I жартысындағы бақылау жұмыстарын бекіту.				
Кешкі ас	Кешкі асқа дайындық				
Балалардың үйге қайтуы. (Тұтас бала бейнесі)	Ата – аналарға кеңес: «Қысқы шынықтыру шаралары». «Алақай, қыс!» тақпақты қайталау				

*Бекітілді:*  
*Кыямат*

**Циклограмма**  
**«Ақбота» кіші тобы**  
**3 апта (7--11 ақпа 2022ж)**

**Өтпелі тақырып: «Мен және қоршаған орта»**

**Мақсаты:** Адам мен табиғаттың байланысы, табиғаттың адам өміріндегі маңызы туралы білімдерін

тереңдете түсу. Қоршаған орта жайлы түсіндіру

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
<b>Балаларды қабылдау</b> Ата-аналармен әңгімелесу  Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.)	<b>Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: балабақша туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.</b> <b>Тұтас бала бейнесі</b>				
	<b>Дамытушы ойын:</b> «Телефон» <b>Мақсаты:</b> Балалар бір-бірін тыңдайды және өз ойларын айта алады. <b>Еркін ойын.</b>	<b>Дидактикалық ойын:</b> «Мен бастаймын, сен аяқта» <b>Мақсаты:</b> Балалар суреттегі бейнеге қарап, сөйлем құрастырады. <b>Тәрбиешінің жетекшілігімен ойын</b>	<b>Дамытушы ойын:</b> «Кімге қандай құрал керек?» <b>Мақсаты:</b> Балалар өздері білетін мамандық иесінің құралдарын тауып айтты. <b>Құрылымдалған ойын.</b>	<b>Дамытушы ойын:</b> «Көңіл-күй» <b>Мақсаты:</b> Балалар берілген бейнелердегі көңіл –күйді мимикасымен көрсете білді. <b>Тәрбиешінің жетекшілігімен жүргізілетін ойын.</b>	<b>Үстел үсті ойын:</b> «Бұл қай кезде болады?» <b>Мақсаты:</b> Сурет бойынша жыл мезгілдерінің ерекшеліктерін ажыратып тапты. <b>Еркін ойын:</b>
<b>Таңертеңгі гимнастика</b>	Таңертеңгілік жаттығу комплексі №23	Таңертеңгілік жаттығу комплексі №23	Таңертеңгілік жаттығу комплексі №23	Таңертеңгілік жаттығу комплексі №23	Таңертеңгілік жаттығу комплексі №23
<b>Таңғы ас</b>	Таңғы аста тамақтарын тауысып жеп, майлықтарды қолдануға үйрету, бата беру.				
<b>Ойындар, Ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық</b>	Балалармен ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыруда ойындар және баяу қимылды ойын-жаттығулар				
	<b>Дамытушы ойын:</b> «Қай гүлдің күлтесі?» <b>Мақсаты:</b> балалар әр гүлдің күлтесін түсіне, пішініне қарай ажырата алады.  <b>Тәрбиешінің</b>	<b>Дидактикалық ойын</b> «Не ауыр, не жеңіл?» <b>Мақсаты:</b> балалар суреттегі заттардың салмағын анықтап айта атады.  <b>Құрылымдалған</b>	<b>Дидактикалық ойын:</b> «Дауысынан тани біл». <b>Мақсаты:</b> Балалар жабайы жануар мен үй жануарларының дауысын ажыратады.  <b>Еркін ойын</b>	<b>Үстел үсті ойыны:</b> «Көкөністер-жемістер» <b>Мақсаты:</b> Жемістер мен көкөністердің түрлерін атады. Оларды ажыратып, арнайы себеттерге салды. <b>Еркін ойын</b>	<b>Дамытушы ойын:</b> «Бағдаршам» <b>Мақсаты:</b> Балалар жол белгілерін біледі. Жол ережесін сақтай отырып ойнайды. <b>Құрылымдалған ойын.</b>

	жетешілігімен ойын.	ойын.			
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі	<p><b>1. Сурет салу</b> Тақырыбы: Түрлі түсті сақиналар <b>Мақсаты:</b> Қылқаламмен дөңгелек пішін салуды біледі. Бояу түстерін ажыратады.</p> <p><b>Әдіс-тәсіл:</b> 1.Жұмбақ жасыру 4К 2.Көрнекілікпен жұмыс 3.Тақырып бойынша әңгімелеу 4.Үлгі бойынша Сақинаның суретін салу 5.Саусақ жаттығуын орындау. 6.Дамытушы ойын: «Кімге түсті сақина?» Құрылымдалған ойын 7. Бақылау. 8. Үш шапалақ әдісі бойынша бағалау.</p> <p><b>2.Музыка</b></p>	<p><b>1.Дене шынықтыру (пән жеткешісінің жоспары бойынша)</b></p>	<p><b>1. Жаратылыстану</b> Тақырыбы: Тап және ата <b>Мақсаты:</b> Балалар үй тұрмысындағы заттарды, олардың қасиеттерін-қарапайым пішінін, көлемін танып атай алады.</p> <p><b>Әдіс-тәсіл</b> 1.Көрнекілікпен жұмыс 2. Сұрақ-жауап 4К коммуникативтілік Неге ұқсайды? 3.Сюжетті сурет бойынша әңгіме құрау 4.Дамытушы ойын «Бұл ненің дыбысы?» 5.Сұрақ-жауап 6.Үш шапалақ әдісі арқылы бағалау</p> <p><b>2. Музыка</b></p>	<p><b>1. Сөйлеуді дамыту</b> Тақырыбы: Телефон (өлең) Корней Чуковский <b>Мақсаты:</b> Кейіпкер бейнесін сомдауда, түсінікті сөйлеуде, мәнерлі дауыс ырғағы арқылы сөйлеуі дамыды.. Электроника туралы түсініп, оларды ажырата біледі.</p> <p><b>Әдіс-тәсіл:</b> 1.Сұрақ-жауап 4К коммуникативтілікті дамыту. 2. Байланыс құралдары туралы балаларға әңгімелеу. 3. Сергіту сәті 4.Дидактикалық ойын «Телефон» 5.Үш шапалақ әдісімен бағалау</p> <p><b>2. Дене шынықтыру (пән жеткешісінің жоспары бойынша)</b></p>	<p><b>1.Дене шынықтыру (таза ауада)</b> <b>2. Сенсорика</b> Тақырыбы: Ақылды Айша <b>Мақсаты:</b> Түрлі заттарды: түсі, пішіні, көлемі бойынша сенсорлық қасиеттерін айта алады. түсі бойынша әртүрлі деген ұғымды дұрыс қолданады; ұсақ бөлшектерді бауға таға алады.</p> <p><b>Әдіс-тәсіл:</b> 1.Суреттермен жұмыс. 2.Сұрақ-жауап 4К коммуникативтілік 3. жұмбақ жасыру 4К сыни ойлау 4.Үлгі бойынша пішіндерді үйрету. 5.Саусақ жаттығуы 6.Дидактикалық ойын. «Не артық?» 7.Жұптық бағалау</p>
Серуенге дайындық	Серуенге шығу кезінде балалардың рет-ретімен киінуін қадағалап, қатармен жүруге дағдыландыру.				

<p><b>Серуен:</b> <b>(бақылау)</b></p>	<p><b>Серуенде қарды бақылау.</b> <b>Мақсаты:</b> Қыс мезгілінің ерекшеліктерін айту. Қар-түсі ақ, ұстасаң қолың тоңады, жылыға ериді. Ойлау қабілетін дамыту. <b>Еңбек:</b> Ағаштар түбіне қар үю. <b>Мақсаты:</b> Еңбексүйгіштікке тәрбиелей отырып, үйілген қардың маңызы туралы түсінік беру. <b>Ойын:</b> «Қардан түрлі бейнелер жасау». <b>Мақсаты:</b> Ойынға қызығушылығын арттыру.</p>	<p><b>Серуенде бұршақты бақылау</b> <b>Мақсаты:</b> Бұршақ, домалақ ақ түсті болатыны туралы түсінік беру. <b>Еңбек:</b> Ағаш түптеріне қар үю. <b>Мақсаты:</b> Үйілген қардың маңызын түсіндіре отырып, еңбексүйгіштікке, ұқыптылыққа үйрету <b>Қимылдық ойын:</b> «Торғайлар». <b>Мақсаты:</b> Шапшаңдыққа, ептілікке баулу. Тез шешім қабылдауға үйрету.</p>	<p><b>Серуенде суықтап қалған торғайды бақылау.</b> <b>Мақсаты:</b> Қыс мезгілінде барлық құстардың жылы жаққа ұшып кететінін, ал суықторғайдың бізде мекендеп қалатынын, ол қандай аяз болса да тоңбайтынын, сол себепті суықторғай деп атағанын түсіндіріп көрсету. <b>Еңбек:</b> Қар күреу. <b>Мақсаты:</b> Қардың жерге қалың түскенін айтып, қарды күрекпен күреу арқылы жол жасап, күректі қалай ұстау керектігін үйрету. <b>Ойын:</b> «Жақсы жаман». <b>Мақсаты:</b> Балаларды жақсы мен жаманды ажырата білуге, жаман нәрселерден аулақ болуға, жақсыдан үлгі алуға тәрбиелеу.</p>	<p><b>Серуенде аязды бақылау</b> <b>Мақсаты:</b> Қыс мезгіліндегі күннің суықтығы-аяз. Аяздан бетіміз бен қолымыздың тоңатынын, үсіріп жіберуі де мүмкін екенін, сол үшін де қолғап, мойын орауыш тағатынымызды түсіндіру. <b>Еңбек:</b> Ауладағы қарды күреу. <b>Мақсаты:</b> Балаларды еңбек сүйгіштікке, бірлесіп жұмыс жасауға үлкенге көмек беруді үйрету. Күректі дұрыс ұстауға үйрету. <b>Қимылдық ойын:</b> «Сырғанақ тебу». <b>Мақсаты:</b> Балаларды ұйымшыл тату ойнауға, шанамен ойнауға шақыру, таудан төмен сырғанау әдісін үйрету.</p>	<p><b>Серуенде көгершінді бақылау.</b> <b>Мақсаты:</b> Балаларға қыстап қалған құстардың бірі – көгершіннің немен қоректенетіні, қайда мекендейтіні, тұмсығы дене пішіні түсі, қалай дыбыстайтынын үйретіп, оларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. <b>Еңбек:</b> Ауладағы құстарға жем беру. <b>Мақсаты:</b> Қыста құстарға тамақ тауып жеу қиын болатындығын түсіндіре отырып, оларға жем, нанның қиқымын сеуіп, қамқор болуға тәрбиелеу. <b>Қимылдық ойын:</b> «Аққала жасау». <b>Мақсаты:</b> Балаларға қардың жабысқақтығын, қарды домалақтау әдісін көрсете түсіндіру.</p>
<p><b>Серуеннен оралу</b></p>	<p>Балаларды серуеннен оралғаннан кейін рет-ретімен киімдерін шешіп шкафтарына жинауға дағдыландыру. Гигиеналық шараларды орындау.</p>				
<p><b>Түскі ас</b></p>	<p>Түскі аста тамақтарын тауысып жеп, майлықтарды қолдануға үйрету, бата беру.</p>				

<b>Күндізгі ұйқы</b>	Балаларға баяу әуенмен, жайлы ұйықтауға жағдай жасау, ұйқыларын бақылау.				
<b>Біртіндеп ұйқыдан ояту, ауа, су шаралары</b>	<b>Жай әуенмен ұйқыдан ояту.</b> Төсек үсті жаттығулары.	<b>Жай әуенмен ұйқыдан ояту.</b> Көзге арналған жаттығулар. Арқаға массаж түрлерін жасату. «Еңбек сүйгіш құмысқа»	<b>Жай әуенмен ұйқыдан ояту.</b> Қолды шынтаққа дейін салқын сумен жуу. Май табандылыққа жаттығу жасату. Табанға арналған массаж жолдарымен жүру.	<b>Жай әуенмен ұйқыдан ояту.</b> Сергіту гимнастикасы. Жылы суға жуыну. «Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға қолыңды жу. Жуыңсаң сен әрдайым, Аппақ бетін маңдайын.»	<b>Жай әуенмен ұйқыдан ояту.</b> Жатын киімдерін жинап, төсек үстінде отырып тіс щеткасы арқылы табанға массаж жасаймыз. Шынықтыру шараларын орындау. «Нүктелі массаж»
<b>Бесін ас</b>	Бесін асты тауысып жеп, болған соң тұруға дағдыландыру. Ас қайтару				
<b>Ойындар, дербес әрекет</b>	<b>Үстел үсті ойын:</b> «Біздің балабақша» және т.б. тақырыптар бойынша сюжетті картиналар қарастыру.	<b>Ұлттық ойын:</b> «Тақия тастамақ» Тақия тасталмақ әні орындалғаннан кейін өз орындарын табады.	<b>Сюжетті рөлдік ойын:</b> «Аспазшы»;  Альбомдар, сюжетті картиналар қарастыру,	<b>Ұлттық ойын:</b> «Ханталапай» Балалар асықтар ішінен ханталапай асығын танып, ажырата біледі. Ұлттық ойынға деген қызығушылығы артты.	<b>Сюжетті-рөлдік ойын</b> «Шаштараз»; Ірі құрылыс материалдарымен және конструкторлармен ойындар.
<b>Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс</b>	«Денсаулық» саласы бойынша Темірлан-мен жұмыс. Құм салынған қапшықты дәлдеп лақтыру.	«Достық көмек» ойыны. Альтаир, Изен мен Мақсаты: достық көмек жасаудың мәнін түсініп, бір-біріне көмектесуге тәрбиелеу.	«Шығармашылық» саласы бойынша Ислам мен Томириске боямақтарды бояуда қарындашты дұрыс ұстап, дұрыс бояуды меңгерту.		.
<b>Серуенге дайындық</b>	Серуенге ұқыпты киініп шығу.				
<b>Серуен</b>	Күннің бірінші жартысындағы бақылау жұмыстарын бекіту.				
<b>Кешкі ас</b>	Кешкі асқа дайындық.				
<b>Балалардың үйге қайтуы</b>	Қыс мезгіліндегі сауықтыру шаралары туралы айту. Ата-аналарға кеңес:				

**Тұтас бала  
бейнесі**

Балалардың жеке бас гигиенасы, дене күтімі.

Бекітілді  
Қуаныш

**Циклограмма**  
**«Ақбота» кіші тобы**  
**4 апта (14-18 ақпан 2022ж)**

**Өтпелі тақырып: «Мен және қоршаған орта»**

**Мақсаты:** Адам мен табиғаттың байланысы, табиғаттың адам өміріндегі маңызы туралы білімдерін

тереңдете түсу. Қоршаған орта жайлы түсіндіру .

Күн тәртiбi	Дүйсенбi	Сейсенбi	Сәрсенбi	Бейсенбi	Жұма
<b>Балаларды қабылдау</b>	<b>Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: балабақша туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.</b> <b>Тұтас бала бейнесі</b>				
Ата-аналармен әңгімелесу  Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.)	<b>Дидактикалық ойын:</b> «Артық затты тап» <b>Мақсаты:</b> Берілген суреттердің ішінен артық суретті табады. Неліктен артық екендігін түсіндіреді. <b>Құрылымдалған ойын</b>	Жыл мезгіліне сай балаларды киіндіру керектігін мұқияттау.  «Қолды не үшін жуу керек?» сұрақ жауап арқылы әңгімелесу.  <b>(4К коммуникативтік)</b>	<b>Дамытушы ойын:</b> «Кім тапқыр?» <b>Мақсаты:</b> Балалардың кейіпкерлерді қимылмен көрсету арқылы көңіл-күйлерін көтеріледі. <b>Тәрбиешінің жетекшілігімен ойын</b>	<b>Үстел-үсті ойыны:</b> «Суретке сәйкес өрнекті тап»  <b>Мақсаты:</b> Балалар ұлттық сәнделген заттарды танып, өрнегін сәкестендірді.  <b>Еркін ойын</b>	<b>Дамытушы ойын</b> «Досынды тап» <b>Мақсаты:</b> Сөздік қорларын молайып, тіл байлықтарын артып, достарын таба біледі. Өз достарын сипаттап айтты. <b>Құрылымдалған ойын</b>
<b>Таңертеңгі гимнастика</b>	Таңертеңгілік жаттығу комплексі №24	Таңертеңгілік жаттығу комплексі №24	Таңертеңгілік жаттығу комплексі №24	Таңертеңгілік жаттығу комплексі №24	Таңертеңгілік жаттығу комплексі №24
<b>Таңғы ас</b>	Таңғы аста тамақтарын тауысып жеп, майлықтарды қолдануға үйрету, бата беру.				
<b>Ойындар, Ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық</b>	Балалармен ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыруда ойындар және баяу қимылды ойын-жаттығулар				
	<b>Дамытушы ойын:</b> «Телефон» <b>Мақсаты:</b> Балалар бір-бірін тыңдайды және өз ойларын айта алады.  <b>Еркін ойын</b>	<b>«Айнала аппақ қар»</b>  Қыс мезгілі, ерекшеліктері туралы суреттер қарау. <b>4К (сыни ойлау, коммуникатив-</b>	<b>Дидактикалық ойын:</b> «Ғажайып қапшық» <b>Мақсаты:</b> Балалардың сөздік қоры ойыншықтардың атауларын білдіретін сөздермен молайды. <b>Құрылымдалған</b>	<b>Дамытушы ойын:</b> «Дауысынан тани біл» <b>Мақсаты:</b> Жабайы мен үй жануарларының дауысынан танып атайды. <b>Еркін ойын</b>	<b>Жай қимылды ойын:</b> «Теңіз толқиды» <b>Мақсаты:</b> Балалар бір-бірімен достық қарым-қатынасын орнатты. <b>Тәрбиешінің жетекшілігімен ойын</b>

		тілдік)	ойын.		
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі	<p><b>1. Сурет салу</b> Тақырыбы: Адамның бейнесін салу <b>Мақсаты:</b> Балалар құм бетіне дөңгелек, ұшбұрыш пішіндерді саусақпен салуды және өз жұмысының нәтижесіне қызығушылықпен қарауды біледі. <b>Әдіс-тәсіл:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1.Жұмбақ 4К</li> <li>2.Сюжетті сурет бойынша жұмыс</li> <li>3.Үлгі бойынша адамның суретін салу</li> <li>4.Қимылды ойын. «Жіп шатастыр»</li> <li>5.Дамытушы ойын «Кім қандай дос?»</li> <li>6.Саусақ жаттығуын орындау.</li> <li>7.Жұптық бағалау.</li> </ol> <p><b>2.Музыка</b></p>	<p><b>1.Дене шынықтыру</b>  <b>(пән жеткешісінің жоспары бойынша)</b></p>	<p><b>1. Жаратылыстану</b> Тақырыбы: Дәрігер <b>Мақсаты:</b> Балалар тазалыққа баулу және салауатты өмір салтын ұстану туралы біледі. Байланыстырып сөйлеуге, сюжетті - рөлді ойынды өз ұйымдастыра алады, түсініктерін ойын барысында әсерлі қолдана біледі.</p> <p>Балалар дәрігер мамандығының не үшін қажет екендігін біледі.</p> <p><b>Әдіс-тәсіл</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1.Көрнекілікпен жұмыс</li> <li>2.Көркем сөз</li> <li>3.Сюжетті сурет бойынша әңгіме құрау</li> <li>4.Дамытушы ойын «Дәрігер»</li> <li>5.Сұрақ-жауап</li> <li>6.Үш шапалақ әдісі арқылы бағалау</li> </ol>	<p><b>1. Көркем әдебиет</b> Тақырыбы: Дәрігер Айболит (ертегі мультфильмін көрсету) <b>Мақсаты:</b></p> <p>Мақсаты: Балалар мейрімділікке, өзге адамдарға, жануарларға қамқорлық қатынасын білдіре алады. <b>Әдіс-тәсіл:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1.Сюжетті сурет бойынша жұмыс</li> <li>2.Дамытушы ойын «Дәрігердің құралдарын ажырат?»</li> <li>3.Көркем сөз</li> <li>4.Бой сергіту жаттығуы</li> <li>5.Жұмбақтар жасыру</li> <li>6.От шашу</li> </ol> <p><b>2.Дене шынықтыру</b></p>	<p><b>1. Дене шынықтыру (таза ауада)</b></p> <p><b>2. Құрастыру</b> Тақырыбы: Трамвай <b>Мақсаты:</b> Құрылыс материалдарының бірнеше бөліктерін құрастырып трамвай жасай алады.</p> <p><b>Әдіс-тәсіл:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1.Суреттермен жұмыс.</li> <li>2.Сұрақ-жауап</li> <li>3.Көркем сөз</li> <li>4.Үлгі бойынша жұмыс</li> <li>5.Құрылымдалған ойын «Көліктер»</li> <li>6.Қимылды ойын. «Жіп шатастыр»</li> <li>7.Жұптық бағалау</li> </ol>
Серуенге дайындық	Серуенге шығу кезінде балалардың рет-ретімен киінуін қадағалап, қатармен жүруге дағдыландыру.				



<p><b>Серуен: (бақылау)</b></p>	<p><b>Серуенде бүгінгі ауа-райын бақылау</b>  <b>Айналадағы адамның қысқы еңбегі.</b>  <b>Мақсаты:</b> Қысқы еңбекпен таныстыру барысында үлкендердің еңбегін түсіндіру, еңбекке ынтасын тудыру .  <b>Еңбек:</b> Ауладағы қарды тазалау.  <b>Мақсаты:</b> Балаларды еңбекке ынтасын арттыру. Тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.</p> <p><b>Қимылды ойын:</b> «Ақ қоян».  <b>Мақсаты:</b> Балаларды шапшаңдыққа, ептілікке баулу.</p>	<p><b>Серуенде жол көліктерін бақылау.</b>  <b>Мақсаты:</b> Көліктер туралы білімдерін кеңейту.  <b>Еңбек:</b> Қардан жүрер жолды тазарту.  <b>Мақсаты:</b> Еңбек қорлыққа тәрбиелеу.  <b>Қимылдық ойын:</b> «Шаналар»  <b>Мақсаты:</b> Балалардың қимыл қозғалысын арттыру. Балалардың өз бетінше ойындары.</p>	<p><b>Серуенде қыстап қалатын құстарды бақылау.»</b>  <b>Мақсаты:</b> Қыстап қалатын құстардың түрлерімен таныстыру, қыстап қалатын құстар туралы мағлұмат беру, «олар үшін қыс та, аяз да қатер емес, аштық қатер» деген ұғымды қалыптастырып, қамқорлықпен қарауға үйрету.  <b>Еңбек:</b> Құстарға жем шашу.  <b>Мақсаты:</b> Қыста құстарға аштықтың қатерлігін түсіндіре отырып, оларға қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.  <b>Қимылды ойын:</b> «Кім жылдам?»  <b>Мақсаты:</b> Ептілікке, шапшаңдыққа баулу. Балалардың бойындағы зейінділік, сезімталдық қабілеттерін дамыту.</p>	<p><b>Серуенде аязды күнді бақылау</b>  <b>Мақсаты:</b> Аяз туралы түсінік бере отырып, оның адам денсаулығы үшін пайдасын түсіндіру. Жұқпалы аурулардың микробтарын өлтіруге аяздың қосар үлесі зор екендігін айту.  <b>Еңбек:</b> Ауладағы қарды жинау.  <b>Мақсаты:</b> Еңбексүйгіштікке баулу. Үлкендердің еңбегін бағалауға, құрметпен қарауға тәрбиелеу.  <b>Қимылды ойын:</b> «Қар лақтыру».  <b>Мақсаты:</b> Балалардың ойынға ынтасын арттыру.</p>	<p><b>Серуенде шыршаны бақылау</b>  <b>Мақсаты:</b> Шыршаның тікенекті, оның қысы-жазы бір түсте болтынын көрсете түсіндіру. Тікен-тікен тік пісте Қысы-жазы бір түсте. (Шырша)  <b>Еңбек:</b> Ауладағы шырша түптеріне қар үю.  <b>Мақсаты:</b> Үйілген қардың көктемде еріп, суға айналатындығын, шыршаның ылғалды жағдайда жақсы өсетіндігі туралы айтып, түсіндіру.  <b>Қимылдық ойын:</b> «Қуып жет».  <b>Мақсаты:</b> Жылдамдыққа, бірлесіп ойнауға үйрету.</p>
<p><b>Серуеннен оралу</b></p>	<p>Балаларды серуеннен оралғаннан кейін рет-ретімен киімдерін шешіп шкафтарына жинауға дағдыландыру. Гигиеналық шараларды орындау.</p>				
<p><b>Түскі ас</b></p>	<p>Түскі аста тамақтарын тауысып жеп, майлықтарды қолдануға үйрету, бата беру.</p>				
<p><b>Күндізгі ұйқы</b></p>	<p>Балаларға баяу әуенмен, жайлы ұйықтауға жағдай жасау, ұйқыларын бақылау.</p>				

<p><b>Біртіндеп ұйқыдан ояту, ауа, су шаралары</b></p>	<p><b>Жәй ырғақты әуенмен балаларды ояту.</b>          Ұйқымызды ашайық әуенмен тұру  <b>Сергіту гимнастикасы</b>          Дәстүрден тыс жаттығулар жалпы денеге арналған жаттығулар  <b>Мақсаты:</b>          Балалардың денсаулығын нығайту</p>	<p><b>Жәй ырғақты әуенмен балаларды ояту</b>  <b>Жәй әуенмен ұйқыдан тұру.</b>          Төсек үсті жаттығулар          «Велосипед»  <b>Шынықтыру шарасы:</b> Қолдан шынтаққа дейін сабынды сумен жуу.          Саусақ жаттығулары.</p>	<p><b>Жәй ырғақты әуенмен балаларды ояту.</b>          Сергіту гимнастикасын жасау.  <b>Шынықтыру шарасы:</b>          Сулы шүберекпен жалаң аяқ жүріп өту.          Аяқты жәй басамын, Адымдап алға мен.          Шынығамын жастай мен,          Жылдамырақ қадам бас</p>	<p><b>Жәй ырғақты әуенмен балаларды ояту.</b>          Аштыңба сен көзіңді Сілкінде сергіт өзінді Шымырлат дене шынықтыр,          Бір мезет тізе бүгіп тұр.          «Құмырсқа»  <b>Шынықтыру шарасы:</b>          беттерін, қолын сабынды сумен жуу.</p>	<p><b>Жәй ырғақты әуенмен балаларды ояту.</b> Ұйқымыздан жәй әуенмен ояну          Ауыздарын бөлме температурасындағы сумен шаю.          Көзге арналған жаттығу түрлерін жасау.          - көзді ашып жұму;          - көзді оңға -солға айналдыру;          - бір нүктеге бір минуттай үзбей қарау.</p>
<p><b>Бесін ас</b></p>	<p>Бесін асты тауысып жеп, болған соң тұруға дағдыландыру. Ас қайтару</p>				
<p><b>Ойындар, дербес әрекет</b></p>	<p><b>Сюжеттік-рөлдік ойын</b>          «Шаштараз».          Мақсаты: Балаларды әсемдікке, сұлулыққа баулу.</p>	<p><b>Ұлттық ойын:</b>          «Ханталапай»          Балалар асықтар ішінен ханталапай асығын танып, ажырата біледі.</p>	<p><b>Ойын-жаттығу</b>          «Қуыршақты жуындыру»;          Альбомдар, сюжетті картиналар қарастыру,          Ірі құрылыс материалдарымен ойындар.</p>	<p><b>Ұлттық ойын:</b>          «Арқан тартыс»          Балалар өз еріктерімен екі топқа бөлінеді. Екі топ болып күштерін сынасады. Ұлттық ойынға деген қызығушылықтары артты.</p>	<p>«Менің дәріханам» сюжетті рөлдік ойын.          Сюжеттік ойыншықтармен ойындар, ертегі оқып беру; үстел үсті театры және т.б.</p>
<p><b>Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс</b></p>					
<p><b>Серуенге дайындық</b></p>	<p>Серуенге ұқыпты киініп шығу.</p>				
<p><b>Серуен</b></p>	<p>Күннің бірінші жартысындағы бақылау жұмыстарын бекіту.</p>				
<p><b>Кешкі ас</b></p>	<p>Кешкі асқа дайындық.</p>				

<b>Балалардың үйге қайтуы Тұтас бала бейнесі</b>	Балалардың салған суреттері, жетістіктері туралы әңгімелесу.